

Фитнес білезік

Xiaomi Mi Band 5



Құрылғыны қолданудың алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны анықтама ретінде болашаққа сақтап қойыңыз.

Құрылғының сұлбасы



а Фитнес-трекер




б Білезік



с Зарядтауға арналған кабель


Орнату

1. Фитнес-трекердің бір ұшын білезіктің алдыңғы бөлігіндегі жалғағышқа енгізіңіз.
2. Фитнес-трекерді қуысқа толықтай итеру үшін үлкен саусағыңызбен басқа ұшын басыңыз.



Тағу

Білезік пен сүйектің арасына 1 саусақты кіргізуге болатындай, білектің айналасына білезікті ыңғайлы түрде тартыңыз.



Тамыр соғу қадағасының оңтайлы жұмысына қол жеткізу үшін оның теріге тығыз жанасатынына көз жеткізіңіз. Құрылғыны дұрыс тағыңыз — теріңізге ауа өтуі үшін бауын тым қатты тартпаңыз, бірақ білезік қолға тығыз жанасуы тиіс. Білезікті осылай тағу ыңғайлы болады, ал тамыр соғу қадағасы барынша дәл жұмыс істейді. Сіз жаттығудың арасында білезіктің бауын қаттырақ тарта аласыз, ал жаттығудан кейін оны босату керек.



Дұрыс емес

Егер бауы қолда жоғары/ төмен еркін жылжыса, тамыр соғу қадағасы жүрек ырғағының параметрлерін қате анықтауы мүмкін.



Дұрыс

Құрылғыны дұрыс тағу өлшеу дәлдігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қосу

Mi Fit қолданбасының соңғы нұсқасын жүктеу және орнату үшін QR-кодты сканерлеңіз немесе оны Google Play, App Store немесе басқа қолданбалар дүкенінде табыңыз.




Mi Fit қолданбасының QR-коды
(Android 5.0 немесе iOS 10.0
немесе ең соңғы нұсқалар
басқаратын құрылғылар үшін)

Mi Fit қолданбасын ашыңыз, есептік жазбаңызға кіріңіз, кейін құрылғыңызбен білезікті қосу және түйінdestіру үшін нұсқауларды орындаңыз. Білезігіңіз дірілдей бастаса, ал экранда Bluetooth арқылы түйінdestіру туралы хабарлама шықса, түйінdestіруді аяқтау үшін батырманы басыңыз.

Ескертпелер. Телефоныңызда Bluetooth қосылғанына көз жеткізіңіз.

Түйінdestіру кезінде телефонды білезікке жақындатыңыз. Дұрыс жұмыс үшін құрылғының бағдарламалық жасақтамасын жаңарту керек болуы мүмкін, бұл үшін интернетке қосылу қажет.




Пайдалану

Құрылғымен сәтті түйіндестіргеннен кейін білезік күнделікті белсенділігіңізді және ұйқы тәртібіңізді қадағалай және талдай бастайды. Экранды қосу үшін батырманы басыңыз. Кейін қажетті функцияны табу, мысалы белсенділік туралы деректерді қарау немесе тамыр соғуын өлшеу үшін саусағыңызды жоғары немесе төмен өткізіңіз.




Басқа функцияны таңдау үшін жоғары немесе төмен өткізіңіз



Алдыңғы бетті қайтару үшін оң жаққа өткізіңіз


Бөлшектеу

Білезікті білегіңізден алып тастаңыз. Екі ұшынан ұстап, құрылғы мен білезіктің арасында шағын саңылауды көрген сәтке дейін білезікті тартыңыз. Саусақпен құрылғыны білезіктің алдыңғы жағындағы қуыстан итеріңіз.



Құрылғының зарядталуы

Төмен аккумулятор заряды туралы хабарлама пайда болғаннан кейін білезікті бірден зарядтаңыз.



Ескерту

- Білезікпен тамыр соғуын өлшеген кезде, білегіңізді қозғалтпаңыз.
- Mi Smart Band 5 фитнес-білезігі 5 ATM судан қорғау деңгейіне ие. Оны душқа түскен кезде, бассейнде және жағалаудың жанында шомылу кезінде шешпеуге болады. Алайда оны саунада және су астында жүзу кезінде қолдануға болмайды.
- Сенсорлық батырма және сенсорлық экран судың астында жұмыс істемейді. Су тигеннен кейін білезікті қолданудың алдында, жұмсақ матамен оның үстінен артық ылғалды сүртіңіз.
Қолданған кезде білезікті тым қатты тартпаңыз және жанасатын жерді құрғақ күйде ұстаңыз. Білезікті сумен үнемі жуып тұрыңыз.
- Егер жанасатын жерде тері қызарса немесе ісіну туындаса, бұйымды қолдануды дереу тоқтатыңыз және медициналық көмекке жүгініңіз.

Техникалық сипаттамалар

Атауы: Mi Smart Band 5.

Үлгісі: XMSH10HM.

Фитнес-трекердің таза салмағы: 11.9 г

Фитнес-трекердің өлшемдері: 47.2 x 18.5 x 12.4 мм.

Білезіктің материалы: термопластты эластомер.

Ілгек материалы: алюминий қорытпасы.

Реттелетін ұзындығы: 155–219 мм.

Үйлесімдік: Android 5.0 және iOS 10.0 немесе одан да жаңа нұсқалар.

Батарея сыйымдылығы: 125 мАсағ.

Акумулятордың түрі: полимерлік литий.

Кіріс кернеуі: DC 5.0 В.

Кіріс ток: 250 мА Max.

Қорғаныс класы: 5 ATM.

Жиілік: 2402 - 2480 МГц.

Ең жоғары шығу қуаты: ≤13 дБм.

Жұмыс температурасы: -10 °C ~ 50 °C.

Сымсыз қосу: Bluetooth 5.0 BLE.

Сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы қаптамасында өндірушінің және тұтынушының жылытылатын орынжайларында ауа температурасы 5 °С бастап 40 °С дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 % аспайтын кезде сақталуы тиіс. Орынжайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің бұлары) болмау керек.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыппен қолдануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны іске асыру РФ қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғы ақаулығын анықтаған кезде дереу авторластырылған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.
- Бұйымның қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін, оны әдеттегі тұрмыс қалдықтарымен бірге лақтыруға болмайды. Мұның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейінгі қайта өңдеу мен кәдеге жарату үшін тиісті электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдау орнына кәдеге жарату керек. Осы бұйымды кәдеге дұрыс жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісінше қолданбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін нұқсанның алдын аласыз. Осы бұйымды қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыс қоқысын шығаратын кәсіпорыннан ала аласыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Сяоми Коммьюникейшнз Ко., Лтд. #019, 9 қаб.,
6 ғим., Си'эрци орта тас жолы 33, Хайдянь ауд., Бейжің
қ., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в
Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т
Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын
заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан
қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат
12, Қазақстан.

Айрықшаламалар және өнім туралы ақпарат
пайдаланушыны хабарлаусыз өзгертіле алады.

Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта
көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Өндіру күні, кепілдік және пайдалану мерзімдері
құрылғы қаптамасында көрсетілген.



Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші құрылғының кепілдік мерзімінің ішінде үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылымында ақаулардың жоқтығына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге, пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен болмаған істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Жұмыс істеп тұрған сервис орталықтарының мекенжайы:
<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>